

# ЖАЛЫН

Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал

**Тіл мен әіл**

**М.ШАХАНОВ**

**Ақпараттық диверсияны**

**қалай тоқтатамыз?**

**Көкейтесті**

**К.БІЛӘЛ**


**Алла қайырының мәні**

**Әлем әдебиетінің классиктері**

**К.ЧАНДАР**

**Толған айдың түні еді**

№4 2007



### Жанат ЕЛШІБЕК

*...Жазушыға керегі екі нәрсе – бірі суретшілік талап, екіншісі әдемі көркем тіл. Бірі болмаса, бірі жоқ. Көп жағдайда соның біреуінің жоқтығын мойындамай, қаншамамыз ұзақ әуре боламыз. Жанатта құдайға шүкір, екеуі де бар... Екі бірдей шығармасына “Қош бол, теңіз...”, “Жазылмайтын жара” повестері мынау қиын заманның екі бірдей толғақты мәселесін өзек еткен жазушы Жанат Елшібеков жалпы әдебиетімізде, оның ішінде балалар әдебиетіне нағыз суреткер, талантты профессионал жазушының келіп қосылғанын дәлелдесе керек.*

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ.

*Замандастар қадіріне жете білу – заңғарлық. Күнделікті күйбең тіршілікте де, рухани өмірде де сол заңғарлық жете бермейді. Жанат өз кейіпкерлері еңбегіндегі, тіршілігіндегі асқақ романтиканы таба біледі, дөп басады.*

Мұзафар ӘЛІМБАЙ.

*...Жанат журналист, Жанат жазушы не жазса да материалға жан береді. Шабысы, жүрісі бөлек. Өз өрнегі бар...*

Шерхан МҰРТАЗА.

*Уақыт тынысына дер кезінде үн қосу – кез келген қаламгердің абыройлы парызы. Көкейкесті, толғақты тақырыптардың осыдан бірнеше жыл бұрын Жанат қаламының ұшына ілініп, дабылдатып көтергені көңілге қуаныш әкеледі.*

Зейнолла СЕРІКҚАЛИЕВ.

# БЕСАСПАП

1969 жылы «Лениншіл жас» газеті М.Горький (қазіргі Жібек-Жолы) мен Коммунистік проспектінің (Абылайхандағылы) көшелерінің қиылысындағы Денсаулық сақтау министрлігі орналасқан ғимараттың теріскейіндегі бір подъезде болатын. Иә, бір подъезд, кәдімгі тұрғын үй пәтерлерінің подъезі. Өзі ел ішінде Сталин заманының жобасымен салынған үш қабатты үй. Ал еңселілігі бүгінгінің бес қабатындай болар. Сол подъезде «Пионер» газеті, «Ленинская смена», «Лениншіл жас» газеттері, «Білім және еңбек» журналы орналасқан. Мен 8 айдай корректор болып жұмыс істеп, газеттің шығу процесін, әріптердің атауын, материалдарды бөліп тұрар сызықтарды танып, редакцияға ауысқан кезім. Ол кездегі редакторымыз – Шерхан Мұртазаев. Орынбасары жаңа ауысқан. Тельман Жанұзақов (марқұм) ағамыз «Правда» газетінің Қазақстандағы меншікті тілшісі қызметіне ауысып, ол кісінің орнына Қалдарбек Найманбаев тағайындалды. Аспаннан сорғалап келіп жерге тік шаншылған найзадай, ақсарының өңдісі, өмір бойы тек классикалық үлгіде, түр-түсінде мін жоқ, асыл да қонымды киім киіп өткен Қалекен біз үшін бастық та, талғампаздықтың алдына жан салмайтын үлгісі де еді! Қалекен көп жыл «Лениншіл жастың» бас штабы – секретариатына басшылық етті. Жауапты хатшы ретінде барлық бөлімдердің жұмысын секретариатпен үйлестіріп, баспадағы терушілер мен беттеушілердің, корректорлардың да жұмысын бақылап, телетайптан сартылдап келіп жатқан материалдарды да іріктеп үлгіретін. Оның сыртында журналистерді іс сапарға жіберу, алдағы нөмірлерді, мерекелік нөмірлерді әзірлеу де жауапты хатшының міндеті. Алдын ала айттайын, мен кейін де талай жауапты хатшылармен жұмыстас болдым. Бірақ дәл Қалекендей самдағай, тасқайнат жауапты хатшыны көрген емеспін. Ол кісінің орынбасарлыққа көтерілгенін редакция қызметкерлері заңды құбылыс ретінде қабылдады. Жауапты хатшылыққа «Пионерден» Сәбит Жиренов дейтін азамат көтерілді. Сол тұста «Лениншіл жастың» тасы өрге домалаған кезең болса керек. Сәбит Жиренов ағамыз да (марқұм) нағыз еңбектің, нағыз «қара жұмыстың» адамы болып шықты. Мінезі бір қалыпты. Қарамағындағылармен ара қатынасын бұлжытпай ұстайтын, ешкімді ала-ламайтын, дауыс көтермейтін, зекіп, нұқып кемсітпейтін адам еді. Кейде нөмір дайындап,

бір нәрседен жаңылып жатсақ, бізді Шерағаңа ұстап бермей, кінәні өзіне алатын да, ол жөнінде бізге: «Кеше мына бір нәрсені дұрыс бермеппіз, жігіттер. Абай болыңдаршы...», - деп «Беломор канал» папиросын бұрқылдатып кете баратын. Бас редактордың қабылханасы – төрт бұрышты кең бөлме. Ертеңгі газет макеті, күллі материалдарымен баспаханада. Газет қорғасынға құйылып та қойды. Оның арғы күнгі нөмірін секретариаттың бір макетшісі әзірлеп, түгендеп, әр беттің макетін сызып жатады. Оның арғы жағындағы нөмірді үшінші макетші түс ауа келіп жоспарға сәйкес жинақтайды. Телетайптан үшінші, төртінші беттерге лайық ескірмейтін қызық материалдар, танымдық хабар-ошарларды іріктеп, оқып, оның квадратын, шрифтісін шекесіне жазып, теруге жіберіп жатады. Бұл өзі конвейер десең де, диірмен десең де жараса беретін газет шығару процесі. Бір қызығы бөлімдерге әдеби қызметкер табу оңай емес, әрине, ал секретариатқа қызметкердің дәл табылуы одан да қиын. «Лениншіл жас» қашаннан кадрлар өсіп-өнетін үлкен мектеп. Сондықтан қызметкерлер жиі ауысып тұрады. Солай бір макетшіміз (олар да әдеби қызметкерлер) ауысып кетіп, Серік Әбдірайымов екеуміз бірер апта сүрініп қабынып, қиналып жүрдік. Бөлімдердегі жас жігіттерді тартып көрдік – икемі келмеді. Біздің неліктен шала ұйқы болатынымызды сол кезде газетте істеген адам ғана түсінеді. Ол кез Кеңес өкіметінің алып бәйтеректей жапырақ жайып, тамыры тереңде жатқан кезі. Бас секретарь әрі Жоғарғы Кеңес төрағасы Л.И.Брежнев пе, әлде М.Суслов па, болмаса ЦҚ ВЛКСМ-де Е.Тяжельников па, әйтеуір, біреуі сала құлаш етіп сөйлеп тастаса, дайын тұрған 1,2-і, кейде 3-ші беттегі материалдар сыпырылып түседі. Жаңағы сөз, (мүмкін Пленум материалдары) түгелдей теріліп болғанша, терілген соң оған түзетулер келгенше, түнгі 2-3-ке таяп қалады. Газетке қол қойылғанда сол 4-5-тердің де шамасы болып қалады. Көзің қанталап, ішің шұрқырап үйге жетесің. Үй демекші, редакциядағы әдеби қызметкерлер, бөлім меңгерушілерінің бәрі дерлік баспанасыз. Бәріміз кім көрінгеннің «времянкасында» тұрып жатамыз. Сол мехнаттың бәріне қарсы қоярымыз – топан су тобықтан келмес жастығымыз. Осы бір апас-қапаста біраздан бері көрінбей кеткен жас авторымыз әрі «Кроссворд», «Чайнворд»

секілді басқатырғыштармен қатты әуестенетін ҚазПИ-дің студенті Жанат Елшібеков келе қалмасы бар ма? Серік Әбдірайымов жауапты хатшының орынбасары, мен секретариат қызметкерімін – бір-бірімізге қарап қалдық, шамасы. Әңгіменің майда-шүйдесі дәл есімде жоқ – сол күннің ертеңінен бастап Жанат Елшібеков секретариатқа жұмысқа кірді. Содан...

... Содан күні бүгінге дейін сол секретариатта. Рас, ол 1969 жылы еді. Қазір – 2007 жыл. Және бір анығын айтсақ, Жанат Елшібеков Қазақстан Республикасының бас газеті «Егемен Қазақстанның» жауапты хатшысы. 1969 жылдан бері заман өзгерді, идеологияның басы аяғына келді, жазу өзгерді, адам өзгерді, экономика басқа арнаға түсті, газет шығару процесі адам танымас, кезінде біз қиялдай алмас дәрежеге жетті. Бұл салада нағыз революция болды. Соның бәрін Жанат басынан өткеріп, жүйкесін талдырып, жүректен өткізді. Сөйте тұра сол 1969 жылғы Жанат өзінің оптимистігін, өзінің табиғи мінезін – ашық-жарқындығын, мүмкін жаңалыққа құштар «авантюристік» рухын да сақтап қалды. Бұл – ерлік, табандылық, тұрақтылық.

... Оған дейін әлі «Лениншіл жас» деп аталатын тамаша өмір кезеңі тұр еді. Оны аттап кетсек, Жанатты танымай қаламыз.

Дүние бір орнында тұрған ба?! Шерхан Мұртазаев «Жалын» альманағына ауысты. Кешікпей редакция Көк базардың дәл түбіне

салынған 9 қабатты су жаңа ғимараттың 7 қабатына көшті. Сол жетінші қабатта екі редакция – «Лениншіл жас» пен «Ленинская смена». Бір тамаша өмір басталғандай... Бір бөлмеде екі адам, бір адам ғана. Ал секретариаттың кабинеті атшаптырым. Онымен қоса екі жағы түгел әйнек – Алматы алақаныңда тұрғандай көрінеді. Редакторлыққа кім келеді деп көп тосқан жоқпыз. Келгенде таңдану да болмады. Сол баяғы «Пионерден» комсомол газетіне жас жазушы, керемет журналист, оқыған-тоқығаны көп, спорттың ерен жанкүйері, нағыз саяхатшы Сейдахмет Бердіқұлов келді. Газеттің де өзгерері, редакциядағы ахуалдың да басқаша болары анық еді. Ш.Мұртазаев тұсында газет сапасы өте жақсы болды. Өйткені сол кезде де, кейін де Ш.Мұртазаев барған жерінде алдымен кадр мәселесін бірден сауықтырып алатын. Талантты іні-қарындастарын бірден танитын. Оны құр сөзбен айтпай-ақ, Шерағаң жинаған «жосықтың» құрамын ғана айтайын. Мен 1968 жылы жұмысқа келгенімде Шәкең – редактор, Тельман Жанұзақов – орынбасар, Қалдарбек Найманбаев – жауапты хатшы, Әнес Сараяев – бөлім меңгерушісі, Оразбек Сәрсенбаев меңгерушісі, Оралхан Бөкеев – бөлім меңгерушісі, Баймолда Мусин («Жетісудың» редакторы) – бөлім меңгерушісі, Қ.Сегізбаев – бөлім меңгерушісі, Кәрібай Ахметбеков – бөлім меңгерушісі. Қатардағы әдеби қызметкерлер Жарасқан Әбдірәшев, Кеңшілік Мырзабеков,



Әріптестермен бірге

Сағат Әшімбаев, Рашид Рахымбеков, т. б. Меншікті тілшілер: Фариза Оңғарсынова (Гурьев), Ақселеу Сейдімбеков (Қарағанды), Байтұрсын Ілиясов (Қостанай), Мұхтар Шаханов – Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстары бойынша, Жомарт Әбдіхалықов – Көкше, Солтүстік Қазақстан облыстары. Міне, Шерхан Мұртазаев дәл мына құраммен газет шығару емес, еркі өзінде болса мемлекет құрмас па еді?!

Сол санатқа Жанат қосылды. Шерағаң қызметкерлеріне біркелкі қарамайтын. Ол кісінің «сүйіктілері» болатын, көзге ілмейтін, не мақтамайтын бейтарап адамдары және кейде тұқыртып-тұқыртып алар «сүйкімсіздері» болатын. Ал жұмыстан шығарғанда бір бетке қиғаштата «Уволить» деп ірі әріптермен бірақ тартып жіберетін. Бірақ «Уволитьке» тап болғандардың да «жерде» қалғаны некен-саяқ. Бұл, әрине, мінез. Қатал басшының сұрапыл мінезі. Сондықтан редакцияда екі құбылыс қатар көрініс берді. Біріншісі – үрей, екіншісі сойған түлкідей жылмаңдаған жағымпаздық. Жанат Елшібеков, сірә, бейтараптар «легионында» жүрген болар. Оның білетіні – жұмыс. Жұмыс, рахаттанып отырып әдемі макет сызу, әр бетке ажар берер суреттер іріктеу, іздену, іздену. Ол редакциядағы микросаясаттарға мән берген жоқ. Сейдахмет Бердіқұлов – сол кезде басталып (1970 жылдар), бүгінге дейін ұласқан адам еркіндігін ала келген шынайы, табиғи демократ болатын. Сәкең газет макетіне, яғни, дизайніне ерекше мән беретін. Төрт бет сызылып, Сәкеңнің алдына барғанда сәл толқып тұратынбыз. Ол кісі әзіл – оспақ әңгімелер айта отырады да бір сәт үнсіз қалады. Енді қарасаң тура макеттің өзінде тұрған тақырыптарды қирайсоқ қылып өзгертіп-өзгертіп тастайды. Сәкең солақай болатын. Қаламы, кәдімгі қара сиялы автоқалам. Сонымен, тақырып та, макеттің кейбір детальдары да өзгертін. Бірақ бұл бір творчестволық процесс ретінде қабылданатын. Сөзінде, «ақылдасқан» тұстарда еш зіл болмайтын. Редакторға жарқылдап кіріп, жадырап шығатынбыз. Жанат Елшібеков со жылдары қаншама газет нөмірін осылай өмірге әкелді екен?

Жұмыс «Лениншіл жаста» қамшы салдырмай жүріп жатады. Газет комсомолдікі. Яғни сол жастан едәуір асып кеткендер бірте-бірте ауысып жатады. 70 жылдардың ортасында редакция едәуір жаңарды. Құрманғазы Мұстафин (Қараманұлы), Жақау Дәуренбеков, Ырым Кененбаев, Марат Қабанбаев, Әміртай Бериев, Мағира Қожаметова, Жұмагүл Солтиева, Орысбай Әбділдаев, Жарылқап Бейсенбаев, Несіп Жүнісбаев, Жақыпжан Нұрғожаев, Дәуітәлі

Стамбеков сынды жас қаламгерлер оқырманы 350 мыңнан астам «Лениншіл жасты» шығарып жатты. Әрине, мен қызметкерлерді түгел атай алмадым. Ондай мақсат та жоқ. Аты-жөні қаламға ілінбегендер елеусіз жігіттер деген сөз болмауға тиіс. Мақсат – сол 70-жылдары әр журналистке Сейдахмет Бердіқұлов берген еркіндікті, ұжымдағы ахуалды еске түсіру. Сол ортаның белді мүшесі Жанат Елшібековтың еңбегін атау.

Ұжымдағы ахуал былай-тын. Сәкең газеттің әр санын қолына алып қуанып отырушы еді. Мен Серік Әбдірайымовтың орнындамын – жауапты хатшының отынбасары. Жайша айтқанда, Секретариаттағы үшеудің бастықсымағы. Сол баяғысынша 7-8 жыл жұмыс істесек те, пәтердің ауылы алыс. Жалақы тұрақты, шамалы гонорар аламыз. Байлық, дәулет деген ойымызда жоқ. Бүкіл өмір алда. Басты олжа, жұбаныш сол. Кедейміз. Ал кедей – тыраш. Апта құрғатпай тойдан тойға барамыз. Той бірде аэропорттың арғы жағында өтті. Түнімен биледік. Таңға жуық төргі бөлмеде асыр сап билеп жүрген Марат Қабанбаев пен бір бойжеткен табан астында көрінбей қалды. Сөйтсек екеуі картоп сақтайтын ұраның «төбесін» ойып, өздері картоптың үстіне құлапты. Саты ағашпен шығарып алдық...

Бір күні: «Мұрт! Саспа! Мына деген времянка біздің жанымызда бос тұр. Кеше ғана босады», - деп Оралхан Бөкеев қуанып келді. Өйткені мен пәтер іздеп жүргем. Жұмыс арасында Сәкеңнен мәшине сұрап алып, әлгі времянканы «шегелеп» қайттық. Ондай-ондайдың бәріне өмір бойы «Лениншіл жастың» көлігін жүргізген Иван Александрович дейтін бізден ересек бір жайсаң адам кірісіп кететін. Біздің осы өмірімізге ағалық мейіріммен қараушы еді. Ол үйде мен көп тұрмадым. Тәңірім жарылқап пәтер алдым. Енді бір күні Жанат жарқ етіп маған жаңалығын айтты. Айтпас бұрын өзі рахаттанып күліп, аузы сөзге әрең келетін әдетімен: «Мен қайдан үй тапты деші?» - деп қайта күледі.

«Қайдан?»,- деймін мен тақақтап. «Тұп-тура Мехпоселок пен Варшавскаяның ортасынан. Көрші болдық». Кейде жұмысқа бірге келеміз. Сонда 15-16 аялдама жүріп өтесің. Түсерде сиыр шайнаған шүберектей боласың. Сол күні Тұрарбек Пұшпақбаев (марқұм) деген әріптесіміз жымыңдай берді. Туған күні екен. Үшеуіміз үш жақтап макет-материалдарды баспаханаға аттандырып жібердік те, әлгі «оқиғаны» атап өту үшін 8-Март көшесіндегі бір берекелі асханаға қарай зыттық. Берекелі болатыны онда ұйғыр, дүнген, қазақ, орыс тағамдарын аса дәмді етіп әзірлейтін. Оның

сыртында құйып сататын сырасын айтсаң. Біз келдік те әрқайсымыз екі саптыаяқтан сыра құйғызып, самса, бәліштерді қағазға оратып сол асхананың ауласына кіріп кеттік. Жерге газет төсеп, тіске басарды бусандырып жүрелеп отырмыз. Ең бастысы жауапты хатшымыз – М. деген серілеу ағамыз бізді итпен іздесе таба алмайды, деп мәз-мейрамбыз. Үстінде дөңкиген будкасы бар рефрижератордың арғы бетінде осылай үшеуміз шүйіркелесіп, «ал сол үшін» деп қоямыз. Тұрарбек бала мінезді жігіт-тін. Бір күлсе тоқтата алмайсың. Жанат та күлкіге бейім. Тікелей бастығымыздың осы жаққа суыт келіп, суыт кететін әдеті бар. Және жай келмейді. Өзінің сол 9 этажды үйден таңдап алған нөкерлерімен келеді. Біз сол жайтты ескеріп, аулаға тығылдық, ауладағы мәшиненің қалқасына кіріп кеттік. Бір кезде әлгі мәшине гүр ете қалды. Енді қарасақ, жылжып барады. Мәшине кетті – мәшиненің арғы бетінде өзіміз қашып жүрген бастығымыз да жүрелеп, дәл өзіміз секілді достарымен шөл басып отыр... Бір-бірімізге аңтарылып қарап қалыппыз. Бастығымыз бізден едәуір ересек. Дегенмен, серілігі, жігіт мінезі басым азамат. «Әй, сабаздар, келіңдер, жақындаңдар. Бәсе, жаңа шығарда қарасам – жоқсыңдар», - деп миығынан күлді. Қай жылы екені дәл есімде жоқ. Әйтеуір Тың игерудің бір үлкен датасы аталды. Тойға Л.И.Брежнев келді. Барлық Одақтас республикалардың комсомол делегациялары да келіпті. Ішімдік, ішім-жем ит-ырғын деп естиміз. Бірақ редакторымыз шетелде болатын. Орынбасары мен жаңағы сері ағамыз бір делегацияны ЦК комсомол бізге тапсырды деген желеумен жоғалып кетті. Л.Брежнев сөйлеп тастады, Д.Қонаев баяндама жасады. Газеттер үлкен форматпен 8 бет болып шығып жатыр. Редакция тарап кетті. Өйткені ол күндер мереке болып жарияланған. Тек кезекшілер редакцияға телефон соғады. Құдай бұйыртыса, екі нөмірді басшыларсыз шығаруға мәжбүр болдық. Мен, Жанат, Тұрарбек үшеуміз үйді ұмыттық. Редакцияға түнейміз. Тамақ тауып жейміз. Арасында жұқалап қана тамақ жібітеміз. Одан арыға бармаймыз. Өйткені біз «ұшып кетсек» газет шықпайды. Одан соң редактордан бастап бәрі сотталады, партиядан шығады. Ал Орынбасарымыз бен жау. хатшыдан мүлдем хабар жоқ. Ешкімге ләм-мим деместен, «Социалистік Қазақстаннан» «шпек» аламыз. «Шпек» дегеніміз сол газеттің сірескен ресми материалдарының бас жағындағы газет атауын алып тастап, «Лениншіл жасты» саламыз да қоя береміз. Тек соңғы беттегі ресми емес, редакциялық материалдарды алмастыра-

мыз. Оны дәл сол көлеммен, дәлме-дәл келетіндей етіп әзірлеп қоямыз. Сөйтіп газеттің нөмірі өтіп, төртінші нөміріне қол қойғанымызда телефон соғылды.

- Кім екен?

- Мен Эрнесттің ғой.

- Эрнест, айналайын, жағдай не боп жатыр?

- Үш нөмір шықты. Енді міне төртіншісі...

- Төртіншісі?! Ойбай, ұстай тұр. Жіберме. Біз Шелектен телефон соғып тұрмыз. Қазір бірер сағатта келеміз. Кетпеңдер. – Жанат пен Тұрарбек екеуі ішін басып күліп жүр.

- Мәә! – дейді көзі бақырайып Жанат. – Көкелеріміздің мына қылығын Сәкең білсе не болар еді? Масқара – ай!

Екі басшы келді. Кем дегенде бес күн тойлаған. Екеуінің түте-түтесі шығып кетіпті. Бізден кешірім сұрап жүр. Біреу-міреу біліп қойған жоқ па деп тақақтайды. Біз осы үшеумізден басқа жан баласы білмейді дегенде екеуі жан шақырып, ала келген мол дәм-тұзды жайып салып, ауызбастырыққа кірістік. Қазықартадан басталатын дәм стол үстінде үйеме болды. Ішімдіктің біз өмірі көрмеген «юбилейлік» түрлерін самсатып әкеліпті. Шақша секілді жалпақ бөтелке, төрт бұрышты бөтелке болатынын сонда көрдік...

...Кейде ойлаймын. Жанат сол жастық шақтағы қызықтарды еске ала ма екен деп. Бәрінен де таң-тамаша болатының сол кез бен бүгінгі күннің арасындағы қырық жылдың бір күндей-ақ өте шыққаны. Бірақ Жанаттың қырық жылы ең басты газеттің әр нөмірінде сайрап жатыр. Уақыт бос өткен жоқ. Ұлы еңбекпен есейдік. Елмен бірге тойға бардық, елмен бірге адастық та. Бұл очеркте мен досым Жанат Елшібековтың жазушылығын талдауға саналы түрде бармадым. Таңның атысы, күннің батысы, кейде түнделетіп те жұмыста жүретін адамның көркем шығарманы да, публицистиканы да ала жүруі қайран қаларлық. Оның «Қош бол, теңіз» деген жинағы қолымда. «Жетім жұрт», «Жазылмайтын жара», «Қош бол, теңіз» повестері, әңгімелері Жанаттың қазақ қаламгерлерінің қою шаңында екендігін айғақтап тұр. Ол бүгінгі заманның зәру дүниесі – танымдық шығармаларға көп еңбек сіңірді. Жанат он шақты кітаптың авторы. Ең бастысы, ол бүгін де қолы суымаған қаламгер. Мүмкін, мына мехнатты қызметін кейінгі ұрпаққа табыс етсе, қол қусырып отыра алмас Жәкең, талай-талай тың дүние жазып тастар еді. Өндіріп жазса – мен таңданбас едім. Өйткені ол көп ізденетін еңбекқор Жанат Елшібеков қой!

Эрнест ТӨРЕХАНОВ